



ТҮРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№16

(2395)

Сәрсенбі

25 ақпан

2026 жыл

Газет

2003 жылдың

5 қаңтарынан

шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ АЯСЫНДА АУДАН КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қазалы ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында аудан кәсіпкерлерімен саладағы өзекті мәселелерге байланысты ашық, еркін форматтағы кездесу өтті.

Әйтеке би кентіндегі Руханият орталығында аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен жиынға аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, облыстық мәслихаттың депутаты, аудандық кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Ібайдулла Тілеп, дербес бөлімдер мен мекемелер басшылары және аудан кәсіпкерлері қатысты.

Басқосуда аудан әкімі Президентіміздің өткен жылғы Қазақстан халқына Жолдауында елімізде кәсіпкерлікке ерекше назар аударылып, шағын және орта бизнесті қолдау – басты назарда болатынын, кәсіпкерлерге түсінікті ережелер қалыптасып, олардың құқықтарын қорғау тетіктері күшейе түсетіндігі туралы кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдаулар жайында әңгімеледі.

Сондай-ақ, кездесуде кәсіпкерлік субьектілерінің құқықтарын қорғау, тексерулерді заң талаптарына сай жүргізу, бизнеске негізсіз қысым көрсетпеу, кәсіпкерлік нысандарда қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті сақтау, түнгі уақытта алкоголь өнімін сату талаптары, шағын және орта бизнесті дамыту көрсеткіштері, салық ор-



гандарымен өзара іс-қимылды жетілдіру мәселелері кеңінен талқыланды.

Жиында аудандық прокуратураның прокуроры Талғат Тілектес кәсіпкерлердің заңды мүдделерін қорғау бағытындағы негізгі ұстанымдары жайында, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов қоғамдық қауіпсіздік пен кәсіпкерлік нысандардағы тәртіп мәселелері бойынша, аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Ғалымжан Зинадинов ауданымыздағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму барысы жөнінде, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкері Сақтапберген Өтегенов кәсіпкерлер мен салық органдары арасындағы өзара

іс-қимылды жетілдіру, салық жүйесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар туралы хабарламалар жасады.

Аудан прокуроры Мадияр Ертарғынұлы кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға, кәсіпкерлік ортаға кедергі келтіретін мәселелерді жоюға прокуратура органдары тарапынан нақты жұмыстар атқарылатындығын жеткізді. Ал, облыстық мәслихаттың депутаты Ібайдулла Тілепұлы мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге көрсетіліп жатқан қолдаулар жайында сөз қозғады.

Кездесуде аудан әкімі мұндай жиынды өткізудегі басты мақсат - формалды жиын өткізу емес, кәсіпкерлердің нақты мәселелерін тыңдап, оларды

жүйелі түрде шешу екендігін атап айтып, алдағы уақытта да кәсіпкерлік ортаға қолайлы жағдай қалыптастыру және бизнесті дамыту бағытында бірлесе жоспарланған жұмыстар жүргізіле беретіндігін жеткізді.

Кәсіпкерлермен өткен кездесуде аудан басшысы Алмасбек Есмаханов Мемлекет басшысы – Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформаларға және алдағы республикалық референдумға да қысқаша тоқталып өтті. Атап айтқанда, жаңа Конституция жобасын жалпы халықтың қатысуымен қабылдау арқылы елдегі саяси жүйені жаңғырту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту көзделіп отырғандығын айтты.

Алдағы референдум – қоғам үшін маңызды тарихи таңдау екені, әрбір азаматтың белсенді қатысуы ел болашағын айқындауда айрықша рөл атқаратынын, жаңа Конституция жобасының басты өзегі адамға бағдарланған мемлекет құру, заң үстемдігін нығайту және тұрақты даму қағидаттарын орнықтыру екенін жеткізді.

Ашық форматта өткен жиында кәсіпкерлер күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты ұсыныс-пікірлері мен өздерін толғандырған сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.

АУЫЛ АМАНАТЫ ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елімізде 2023 жылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен ауылдық аймақтарды дамыту, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға және ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы іске қосылған болатын.

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Ауыл аманаты» жобасының аудан аумағында іске асырылу барысы талқыланды.

«Ауыл аманаты» жобасы негізінде 2023–2024 жылдары аудан бойынша жалпы құны 883,6 млн теңгені құрайтын 131 жоба қаржыландырылып, 174 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның ішінде ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі – 8 жоба, өңдеу саласы – 67 жоба, мал шаруашылығы бағыты –

16 жоба, егін шаруашылығы - 10 жоба және ауыл шаруашылығынан басқа бағыттар бойынша – 30 жоба іске қосылған. Ал, 2025 жылы ауданға 835,1 млн теңге бөлініп, аталған қаржы есебінен 124 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда 57 жобаның 43-і қаржыландырылып, қалған жобалар бойынша жұмыстар жалғасуда.

Мәжілісте аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауылдық округ әкімдеріне жобаны халық арасында кеңінен түсіндіру, кәсіп ашуға ниетті тұрғындарды нақты сүйемелдеу, жаңа бағыттағы жобаларды ұсыну бойынша жұмыстардың деңгейі өте төмен екендігін айтып, қатаң сынға алды. Осыған сәйкес, жауапты бөлімдер мен ауыл әкімдеріне «Ауыл аманаты» жобасы

аясында жергілікті жерде өндірілмейтін, сырттан тасымалданатын негізгі азық-түлік өнімдерін өндіру бағытында нақты жобалар әзірлеуді және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Жиында аудан басшысы кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған жаңа мүмкіндіктер туралы да сөз қозғап, кепілдік тетіктері арқылы кәсіпкерлерге қолдау көрсететін «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының құралдарын тиімді пайдалану қажеттігінде атап өтті. Ауыл әкімдері мен кәсіпкерлік бөлімінің басшысына аталған бағдарламаны халықтың арасында кеңінен насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру керектігін ескертті.

Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР МӘСЕЛЕСІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Әйтеке би кентіндегі №266 мектеп-лицейде аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның көшпелі отырысы өтті.

Көшпелі комиссия отырысына аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Дәурен Тілеумбетов, аудандық прокуратураның прокуроры Еркебұлан Қанатбек, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Алмат Бердібеков және комиссия мүшелері, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласындағы мектеп директорлары, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, №266 мектеп-лицей мен Жанқожа батыр атындағы №70 мектептің мұғалімдері, 8-11 сынып оқушылары мен ата-аналары қатысты.

Комиссия отырысында аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Дәурен Оңғарбайұлы басқосудың мән-маңызына тоқталып, «Заң мен тәртіп» аясында құзырлы органдармен бірлесіп атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етті.

– Құқық бұзушылықтың, оның ішінде жастар арасындағы топтық төбелестің алдын-



алу мақсатында аудан әкімінің орынбасарлары, мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары, депутаттар, қоғамдық ұйым өкілдері, мектеп директорларынан 15 топ құрылып, қазір 3 жылдан асып барады, күнделікті кешкі сағат 10:00-ден 02:00-ге дейін жасөспірімдер жиі жиналатын орындарда түнгі рейдтік жұмыстар жүргізуде.

Күнделікті рейд жұмыстары және ата-аналармен түсіндірме жұмыстары бірнеше мәрте жүргізілгеніне қарамастан, әлі де бала тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата-аналардың бар екені алаңдатады. 2025 жылы балалары беймезгіл уақытта жүргені үшін 560 ата-анаға айыппұл

салынған.

Компьютерлік клубтарда, ойын-сауық орындарында, көшеде түнгі сағат 10-02 уақытында жүрген балаларды көреміз.

Бұл – жазалау үшін емес, ата-аналарды тәртіпке шақыру, дұрыс жолға бағыттау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар, – деді аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов.

Көшпелі комиссия отырысында №266 мектеп-лицейдің директоры Ерлан Өтепбергенов, Жанқожа батыр атындағы №70 мектептің директоры Төребай Шермаханов білім ордаларындағы оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы атқарылып жатқан

жұмыстар мен алдағы міндеттер жайында хабарлама жасады.

Ал, аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов ата-аналарға ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған кезеңде оқушылардың қауіпсіздігін сақтау – басты міндет екенін жеткізіп, ұялы телефонға «Family Link» қосымшасын орнатудың тиімділігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Айта кетейік, «Family Link» қосымшасы ата-аналар үшін баланың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тиімді құрал болып саналады. Өйткені ол баланың экран уақытын шектеуге, қолданбаларды орнату мен пайдалануды

бақылауға, сондай-ақ құрылғының орналасқан жерін қадағалауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, мәжілісте аудандық прокуратураның прокуроры Еркебұлан Қанатбек пен аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Алмат Бердібеков сөз сөйлеп, ата-аналарды бала тәрбиесіне бей-жай қарамауға шақырды.

Одан бөлек, «Сау-аптан құр қалмайық» қайырымдылық қорының төрағасы Мақсұт Қарымсақ, Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің ата-аналар кеңесінің мүшесі Ғалия Кадирова, тағы басқалары сөз сөйлеп, өз ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Көшпелі комиссия отырысын аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Дәурен Тілеумбетов қортындылап, баланың тұлға болып қалыптасуы отбасының, мектептің және қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті.

Жеңісбек АЙЫМҚҰЛОВ,
аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның хатшысы

Қазалы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1997 жылғы 16 сәуірдегі 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларының 39-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36186 болып тіркелген) сәйкес Қазалы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазалы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы аудандық
мәслихатының төрағасы

Ф. Әліш

Қазалы аудандық мәслихатының
2026 жылғы _____
шешімінің қосымшасы

Қазалы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі

1. Қазалы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын

үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін қарыз сомасының 10%, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерді құрайды.

2. Қазалы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылардың санаттарына мы-

налар жатады:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс

қимылдарының ардагерлері (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

- 4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 5) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);

Қазалы аудандық мәслихатының
2026 жылғы _____
шешімінің қосымшасы

Қазалы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесі

6) «Кейбір созылмалы аурулардың ауырнысандарының тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімінде көрсетілген аурумен ауыратын адамдар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26830 болып тіркелген) (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	қызметтен өту мерзіміне ұзартылады (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	атқаратын адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған),
7) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	9) қандастар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	13) толық емес отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	16) атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
8) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	10) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	14) асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	17) Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 бұйрығымен бекітілген Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есепке алумен, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы және өзге де салаларындағы бюджеттік ұйымдарының қажетті мамандары.
	11) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (тұрғын үй алуға кезекте тұрған);	15) мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет	

Об определении размера и перечня категорий получателей жилищных сертификатов по Казалинскому району

В соответствии с пунктом 2 статьи 14-1 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», пунктом 39 Правил реализации мер государственной поддержки, направленных на улучшение жилищных условий, утвержденных приказом Министра промышленности и строительства Республики Казахстан от 30 мая 2025 года № 187 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 36186) маслихат Казалинского района РЕШИЛ:

1. Определить размер и перечень категорий получателей жилищных сертификатов по Казалинскому району согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

**Председатель
Казалинского
районного маслихата**

Г.Алиш

**Приложение к решению
Казалинского районного маслихата
от _____ 2026 года № _____**

Размер и перечень категорий получателей жилищных сертификатов по Казалинскому району

1. Размер жилищных сертификатов по Казалинскому району для реализации права приобретения гражданами жилья в собственность с использованием ипотечного жилищного займа в рамках ипотечной программы, утвержденной Национальным Банком Республики Казахстан и (или) государственной программы жилищного строительства, утвержденной Правительством Республики Казахстан, составляет 10% от суммы займа, но не более 1 500 000 (одного миллиона пятисот тысяч) тенге.	ностью (состоящие в очереди на получение жилья);	характера (состоящие в очереди на получение жилья);	цатитрехлетнего возраста (состоящие в очереди на получение);
2. К категориям получателей жилищных сертификатов по Казалинскому району относятся:	6) лица с заболеваниями, указанными в списке тяжелых форм некоторых хронических заболеваний утвержденном приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 16 февраля 2022 года № ҚР ДСМ-14 «Об утверждении списка тяжелых форм некоторых хронических заболеваний» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 26830) (состоящие в очереди на получение жилья);	11) многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа» или получившие ранее звание «Матергероиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени, многодетные семьи (состоящие в очереди на получение жилья);	15) государственные служащие, работники бюджетных организаций, военнослужащие, кандидаты в космонавты, космонавты, сотрудники специальных государственных органов и лица, занимающие государственные выборные должности (состоящие в очереди на получение жилья);
1) ветераны Великой Отечественной войны (состоящие в очереди на получение жилья);	7) пенсионеры по возрасту (состоящие в очереди на получение жилья);	12) семьи лиц, погибших (умерших) при исполнении государственных или общественных обязанностей, воинской службы, при подготовке или осуществлении полета в космическое пространство, при спасении человеческой жизни, при охране правопорядка (состоящие в очереди на получение жилья);	16) получатели социальной помощи;
2) ветераны, приравненные по льготам к ветеранам Великой Отечественной войны (состоящие в очереди на получение жилья);	8) дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, не достигшие двадцати девяти лет, потерявшие родителей до совершеннолетия. При призыве таких лиц на воинскую службу возраст продлевается на срок прохождения срочной воинской службы (состоящие в очереди на получение жилья);	13) неполные семьи (состоящие в очереди на получение жилья);	17) востребованные специалисты бюджетных организаций в отрасли здравоохранения, образования, культуры, спорта и иных отраслей на основе анализа статистических наблюдений по статистике труда и занятости, а также с учетом прогноза трудовых ресурсов, формируемых согласно Правилам формирования национальной системы прогнозирования трудовых ресурсов и использования ее результатов, утвержденным приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 20 мая 2023 года №161 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 32546).
3) ветераны боевых действий на территории других государств (состоящие в очереди на получение жилья);	9) кандасы (состоящие в очереди на получение жилья);	14) вдовы (вдовцы), имеющие на иждивении несовершеннолетних детей и детей, обучающихся по общеобразовательным или профессиональным программам в организациях общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, высшего, послевузовского образования по очной форме обучения, но не более чем до достижения двад-	
4) лица с инвалидностью первой и второй групп (состоящие в очереди на получение жилья);	10) лица, лишившиеся жилищ в результате экологических бедствий, чрезвычайных ситуаций природного и техногенного		

• Еске алу

АЛПЫСБАЙ КҮНІМАЙҰЛЫ

Бекарыстан би аулының аяулы перзенті, ауылшаруашылығы саласының ардагері Алпысбай Күнімайұлы 77 жасқа қараған шағында мәңгілік сапарға аттанды.

Алпысбай Күнімаев 1949 жылы Қазалы ауданы, Ү.Түктібаев аулында дүниеге келген. 1966 жылы Бекарыстан би аулындағы Үрмәш Түктібаев атындағы №24 мектепті бітірген. 1967 - 1973 жылдары Қазалы қаласындағы ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын техникалық училищені механизатор және егін шаруашылығы маманы болып бітірген. Оқу бітіргеннен кейін 1968-1970 жылдары Ү.Түктібаев аулында механизатор болып еңбек еткен.

Алпысбай Күнімайұлы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан еңбек ардагері. Ұзақ жылдар егін шаруашылығы саласында зейнетке шыққанша еңбек етті. 1974-1997 жылдары егіс бригадирі болып қызмет атқарды.

Кеңес өкіметі тарағаннан кейін 1997-2001 жылдары "Бөлекнұра" шаруа қожалығында, 1997-2006 жылдары "Алшын" ЖШС-інде, 2007-2016 жылдары "Рза-Агро" ЖШС-інде егіс бригадасына жетекшілік етті. 2012 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Алпысбай Күнімайұлының қажырлы еңбегі ескеріліп, бірнеше рет облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталды. "Еңбек ардагері" төсбелгісінің иегері.

Алпысбай Күнімайұлы ешқашан тәуекел етуден қорықпайтын адам еді. "Тәуекел ердің жолдасы", - дейтін. Зейнетке шыққаннан кейін де үйінде

қарап жатпады. "Мирас" ауыл шаруашылығы кооперативін құрып, өзі бірінші болып иығына кетпені іліп, жастарды бақша егуге үйретті. "Адам ешуақытта қол қусырып қарап отыруға болмайды. Еңбекпен шұғылдану керек", - дейтін еді.

Алпысбай Күнімайұлының сертке беріктігі, байсалдылығы, кішіпейілділігі, парасаттылығы, зерделілігі, еңбекқорлығы, елге адал қызметі кейінгі жастарға үлгі өнеге болып қалады. Ол жауапты қызметте еңбек адамдарымен етене жұмыс істеп кәсібіне әрдайым адалдық танытты.

Алпысбайды үлгілі әке ретінде де жақсы білеміз. Зайыбы Гүлди Қожаниязқызы екеуі 7 бала тәрбиеледі. Ұлы Қолғанаттан 2 немере, қыздарынан 14 жиені, 1 шөбересі бар.

Алпысбай Күнімайұлының өмір жолы отбасына адалдықтың, табандылықтың және туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің айғағы. Оның өмір жолы — жас мамандар үшін тағылым мектебі, ал, шынайы еңбектің бағасын білетіндер үшін зор құрметке лайық үлгі.

Алпысбай Күнімайұлының отбасына, ет жақын туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Жаны жаннатта болсын. Алла алдынан жарылқасын. Жарқын бейнесі мәңгі жадымызда сақталады.

«Майдакөл» ауылдық округі әкімінің аппараты, «Майдакөл» ауылдық

ардагерлер Кеңесі, Әйелдер Кеңесі, Жастар Ұйымы АЛПЫСБАЙ ДОСТЫҢ РУХЫНА

Әркімнің қысы, жазы да бөтен, Маңдайға тағдыр жазылады екен. Үміттің жібін ұстағаныңмен, Үзіліп кетті-ау, нәзік-ақ екен. Қажырлы едің, мұратың мықты, Қиындық біткен ығатын тіпті. «Ұзынтам» жылап тұрғандай бүгін, Қария-сынды жұбату күткен. Көлкіп тұр күдік көңіл көгімде, Қайғыдан тұра ма, өмір тегін де?! Жеңілмейтіндей көретін едім, Шынымен досым, жеңілгенің бе?! Керемет десек те қанша бұл өлем, Жүрсек те таңғалып, тамсануменен, Пендеге мәңгілік айқасу қиын, Демалғың келді-ау, шаршадың білем. Тірлікке өзіңмен қатар машықтым, Қарсы алушы еді парағын ашып күн. Қыр-сырын әлде білгің келді ме, Осы бір жұмбақ сапарға асықтың. Сейілер бұлты сарала мұңның, Өтілі жүрмек Аллаға кімнің. Өзіме келер кемеңі күтіп, Қош деумен, досым, жағада жүрмін!

Шарапбай НАҒЫМАШОВ,
Ақпан, 2026жыл

• Маманның кеңесі

**ҚОРҚОРДЫҢ ЗИЯНЫ
ТУРАЛЫ**

Соңғы жылдары жастар арасында қорқор (кальян, шиша) шегу кеңінен тарады. Көпшілік оны темекіге қарағанда «жеңіл» немесе «қауіпсіз» деп ойлайды. Себебі, түтін судан өтеді, иісі жағымды, дәмі тәтті болады. Алайда медициналық зерттеулер қорқордың адам ағзасына өте зиян екенін дәлелдеді. Түтін судан өткенмен, улы заттар толық тазаланбайды.

Қорқордың ағзаға зияны ең бірінші никотинге тәуелділік. Өйткені қорқор құрамындағы темекіде никотин бар. Никотин — есірткіге ұқсас тәуелділік туғызатын зат. 1 сағаттық қорқор шегу кейде бір қорап темекі шеккенмен шамалас никотин түсуіне әкеледі.

Нәтижесінде тәуелділік қалыптасады, жүйке жүйесі бұзылады және ашушаңдық, ұйқысыздық пайда болады.

Улы газдар (көміртек тотығы — CO).

Қорқорда темекі ғана емес, көмір де жанады, сол көмірден көміртек тотығы, ауыр металдар, улы шайырлар бөлінеді. Көміртек тотығы қанға оттегінің түсуін азайтады. Оның салдарынан бас айналу, әлсіздік, есінен тану, ауыр жағдайда — улану белгілері пайда болады. Кейде қорқордан улану жабық бөлмеде отырған адамдарда жиі кездеседі.

Өкпе және жүрек-қантамыр аурулары.

Қорқор түтіні өкпеге тікелей әсер етеді, оның салдарынан созылмалы бронхит, демікпе (астма), өкпе қабынуы, өкпе обыры (рак) ауруы туындауы ықтимал. Сонымен қатар, қан қысымы көтеріліп, жүрек соғысы жиілейді, инфаркт қаупі артуы мүмкін.

Жұқпалы аурулардың таралуы.

Қорқор көбіне бірнеше адамға ортақ мундштукпен (ауыздықпен) беріледі. Ауыздықты бірнеше адам пайдалануы кезінде туберкулез, герпес, тұмау, әртүрлі вирустар, ауыз қуысы саңырауқұлақтары пайда болады.

Сондықтан қорқор — тек химиялық емес, биологиялық қауіп көзі болып табылады. Жасөспірімдерге ерекше зиян. Жас ағза әлі толық қалыптаспағандықтан жасөспірімдер үшін мидың дамуы баяулап, есте сақтау қабілеті нашарлап, оқу қабілеті төмендейді және гормондық жүйе бұзылады.

Қорқор — темекіге қауіпсіз балама емес. Түтін судан өтсе де, құрамындағы никотин, көміртек тотығы және улы заттар адам денсаулығына ауыр зиян келтіреді. Сонымен қатар, ол жұқпалы аурулардың таралу қаупін арттырады. Сондықтан ең дұрыс шешім — қорқордан мүлде бас тарту және салауатты өмір салтын ұстану қажет.

Гүлвира МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
күәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77,
факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.